



**«ҚОЖА АХМЕТ ЯСАУИ МҰРАСЫ ЖӘНЕ ТҮРКІСТАН»
ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ КОНФЕРЕНЦИЯ
МАТЕРИАЛДАРЫ**

17-18 қазан, 2019 жыл

**МАТЕРИАЛЫ
МЕЖДУНАРОДНОЙ НАУЧНО-ПРАКТИЧЕСКОЙ КОНФЕРЕНЦИИ
«НАСЛЕДИЯ ХОДЖА АХМЕДА ЯСАВИ И ТУРКЕСТАН»**

17-18 октября, 2019 года

**MATERIALS
INTERNATIONAL SCIENTIFIC AND PRACTICAL CONFERENCE
"HERITAGE OF HODJA AHMET YASSAWI AND TURKESTAN"**

17-18 october, 2019 year

МУЗЕЙ ҚОРЫНДАҒЫ ҚАРУ-ЖАРАҚТАР КОЛЛЕКЦИЯСЫ

Қазақстан аумағында қару-жарақты қолдану, жасау ісі тарихы ертеден басталғанымен, тек көшпелі халықтардың өздеріне тән сипаты б.з. дейінгі I мыңжылдықта қалыптаса бастаған болатын. Өйткені, Еуразия даласының байырғы тұрғындарының шаруашылықтың жана түрі мал шаруашылығына көшуімен оларда мәдени-шаруашылық типінің жана түрі пайда болды. Бұл кезеңде жылқы өсіруді игеру, соның негізінде салт атты жауынгердің, атты әскердің пайда болуы көшпелі халықтардың тіршілігінде әскерилер көшпелі ортадағы қоғамдық күштердің бастысына айналған болатын. Көшпелі қоғамда әскери істің үлкен маңызға ие болуы, бұл қару-жарақ жасау ісінің де жоғары деңгейге айналуына өз септігін тигізді.

Б.з. дейінгі I мыңжылдықта Қазақстанның оңтүстігін, оңтүстік батысын, Арал-Каспий даласын көне жазба деректерде парсылар «сак/сақа», ал антикалық авторлар «азиаттық скифтер» деп ортақ атпен атаған, саны қалың, мәдениеті біркелкі, тілі туыстас көптеген тайпалар мекен етті. Олардың тіршілік кеңістігі Қазақстанды ғана емес, Орта Азияны, Сібірді, Алтайды да қамтыды. Түрлі дерек көздері, археологиялық материалдар сак тайпаларындағы әскери істің деңгейі, жауынгерлік өнері биік дәрежеде болғанын дәлелдейді. Олардың жеке жауынгерлік қару-жарақ кешеніне шабуыл құралдары – жақ пен оқ, қанжар, қысқа семсер, ұзын семсер, найза, қосжүзді жауынгерлік балта, шақан және қорғаныс жарағы – дулыға, көбе сауыт, аяқты қорғайтын жабдықтар кірген. Сак тайпаларының қолөнершілері бұл шабуыл құралдары мен қорғаныс жарақтарының бірнеше түрлері мен үлгілерін жасаған. Сақтардың қару-жарақ жасауға қолданған материалдары өздерінің мал шаруашылығынан алынатын өнімдер және өздері мекен еткен аумақтарда өндірілетін шикізаттар мен табиғи материалдар, физикалық қасиеттері мен өңделу технологиясына сәйкес қару-жарақтың түрлі функционалдық, конструктивтік бөліктері мен элементтерін жасауға пайдаланылды. Қазақстан аумағында табылған көне металлургия орындары, түсті және қара металдар кеніштері бұл кезеңде металлургияның жақсы дамығандығын дәлелдейді. Мысалы, Шығыс Қазақстанда, Маңғыстауда, Мұғаджар тауларында мыс кенінің орындары кездесе, Орталық Қазақстанда Балқаш бойы, Баянауыл, Қарқаралы, Жезқазған және Ұлытау маңында мыс кеніштері болған, Есіл өзенінің бойында, Көкшетауда қалайы өндірілген, ал Степняк, Бестөбе, Жосалыдағы кеніштерден алтын алынған. Ал, ғұндарға келетін болсақ, ғұндардың басты шабуыл құралы жақ пен оқ, семсер, шокпар және найза болған. Қытайдың тарихи жазбаларында ғұндар туралы «олардың алысқа пайдаланар қаруы - жебелі садақ та, жақынға жұмсар қаруы – қылыш пен найза» - деп жазылады [4, 544 б.].

Қазақтың қару-жарақтары, әскери өнері, сауыт-сайманы, көшпелілердің соғыс тәсілдері жайлы тақырыптарда көптеген ғылыми зерттеулер, танымдық анықтамалар жарыққа шықты. Қазақ қаруын этнографиялық тұрғыдан алғаш зерттеушілердің бірегейі ғалым - Ш. Уәлиханов болды. Ғалымның «Вооружение киргизов в древние времена и их военные доспехи» атты зерттеуінде және басқа еңбектерінде XVIII-XIX ғғ. қазақтың суық және от қарулардың түрлері мен типтерін, жасалу технологиясы, қазақ тіліндегі дәстүрлі кәсіби атаулары, олардың қолданылуы, қазақ халқының қару-жарақпен байланысты ырымдары туралы мәселелер қарастырылды.

Қазақ халқының қолөнерін зерттеуге арналған Ә.Х.Марғұланның, Х.Арғынбаевтың [1, 168 б.], Т.К. Басеновтың, С.Қасимановтың [5, 248 б.] еңбектерінде қолөнер түрлерінің әдістерімен жасалған заттар ретінде қару-жарақтардың жекелеген түрлерінің жасалу технологиясы, көркемдеу тәсілдері зерттеліп, оларға қатысты терминдер айтылады.

Халқымыздың діни ғұрып-салттары, тыйымдары, ырым-жораларына арналған Ә.Т.Төлеубаевтың [9, 211 б.], Қ.Ахметжанның [2, 216 б.] еңбектерінде тіршілік циклы салттарындағы қару-жарақтың да магиялық-ғұрыптық қолданысы айтылады. Этностың тіршілікті қамтамасыз ету жүйесін зерттеуге арналған Н.Әлімбаевтың еңбегі этникалық мәдениеттің бір компоненті ретінде қару-жарақтың этномәдени қызметін анықтауға көмектеседі. Қазақ батырларының қару-жарағын этнолингвистикалық тұрғыдан зерттеген Ә. Қайдаровтың еңбектерінде қару-жарақ атауларының қалыптасуы, ерекшеліктері, семантикасы қарастырылған.

Қазақ халқы қару-жарақ түрлеріне қылышты, найзаны, садақты, сауытты, шокпарды жатқызған. Бұл жөнінде Қ.Ахметжановтың «Жараған темір кигендер: Батырлардың қару-жарағы, әскери өнері,

салт-дәстүрлері» атты еңбегінде: «Қару-жарақ түрлерінің бесеу болып қалыптасуы олардың өзіндік, бірін-бірі ауыстыра алмайтын жеке қызметінің болуына байланысты. Соғыс қаруларының жұмсалыу тәсілі бес түрлі болып қалыптасқан. Олар – ату (садақ, мылтық), кесу (қылыш), түйреу (найза), шабу (айбалта), соғу (шокпар). Ал, басқа қарулар осы қарулардың түрленуі ғана. Сондықтан айқаста бұл бес қару бірінің орнын бірі баса алмайды», - деп жазады [3, 240 б.]. Ал, «қару» және «жарақ» сөздерінің астарына үнділу халықтың тұрмыс-тіршілігіндегі қасиетті құралдың орнын анықтауға көмектеседі. Зерттеушілер бұл екі сөздің «қару» сөзі «қар» деген түбірден туындап, ұстау деген мағынаны білдірсе, «қару» қолға ұстайтын соғыс құралдарының ортақ атауына айналған. Ал, «жарақ» сөзіне байланысты пікірлер алуан түрлі, олардың кейбіріне тоқтала кетсек, мысалы М.Қашқаридің «Диуани Лұғат-ат түрік» еңбегінде «јағык-жарақ: шайқасқа киіп шығатын темір сауыт, қалқандардың кез-келгеніне қолданатын ортақ атау» деп көрсетілген.

Отырар жайында мәліметтер негізінен араб, парсы, қытай тілдеріндегі деректерде жиі кездеседі. Отырар атауы алғаш рет VIII ғ. жазба деректерінде ұшырасады. Отырардың Тарбанд үлгісіндегі жазылуы VIII ғ. жататын Мұғ тауынан табылған соғды құжаттарының ішінде кездеседі. Б.э. бірінші мыңжылдықтың бірінші жартысында Сырдарияның орта ағысы Кангюй (Қаңлы) мемлекетінің құрамында болды. V ғ. аяғында Кангюй Эфталиттер (ақ ғұндар) мемлекетінің құрамына кірді. Археологиялық деректерге сүйенсек, ерте ортағасырлардан бастап, XVIII ғ. дейінгі аралықта Отырар алқабында керамика өндірісімен қатар, темір, мыс өңдеу, зергерлік өнер дамығандығын көрсетеді [6, 132 б.].

Отырар мемлекеттік археологиялық қорық-музейінің қор сақтау қорындағы темір бұйымдар топтамасында археологиялық және этнографиялық қару-жарақтардың барлық түрлері кездеседі. Мысалы, жебе ұштары, найза, қылыш, қанжар, дулыға, сауыт, айбалта бөліктерін айтуымызға болады. Қару-жарақтардың ішінде жебе ұштарына келсек, жебе ұштарының түрлері көп. Жебе – садақ оғының ұшы, жебені алғашында тастан, сүйектен, кейін қола мен темірден жасады. Темірден жасалған жебелер XIX ғасырдың ортасына дейін қолданылды. Түркі халықтарында жебелердің козыжауырын, сауытбұзар, үшқырлы, доғал оқ түрлері бар. Жасалған темірлеріне қарай «сұр жебе», «көк жебе», сабының ұзындығына қарай «сай кез оқ», «кез оқ», «он екі тұтам», сабының ағашына байланысты қу жебе, қайың оқ, тобылғы сапты оқ деген атаулары бар. Осы жебелердің ішінде біздегі ертеортағасырлық Қырқескен мазаратынан табылған жебе ұшын айтуымызға болады. Жебе ұшы III-V ғасырларға жатады. Жебе пішіні ромб тәрізді, төртқырлы болып металдан балқытылып жасалды (1 сурет). Ал, қару түрі қанжарға келсек, қаруға жатады, екі жүзі бар, кесу-түйреу арқылы жарақат салады. Ал, қанжар бөліктеріне келсек, қанжарларда металдан балқытылып жасалған. Ортағасырлық Көкмардан мазаратынан табылған қанжар бөлігі III-V ғасырларға жатады (2 сурет). Сол уақытта жасалған қанжардың жасалу үлгісі XVI-XVII ғасырларда Отырар қалажұртында жасалған қанжар бөлігіне өте ұқсас, жасалу әдісі жетілдірілгенін көруімізге болады (3 сурет).

Музей қорындағы дулыға бөлігі ортағасырлық Отырар қалажұртынан табылған. Дулығаның үстіңгі бөлігі сақталмаған, астыңғы бөлігі сақталған (4 сурет). Дулыға сарбаздардың ұрысқа кірерде бастарына киетін қалпағы. Ортағасырларда дулығалар темірден жасалды. Бірнеше бөліктен құралып жасалған дулығаны құрама дулыға, тұтас жасалғанын тұтас дулыға деп аталды. Томағалы дулығаны қорғаныстық ғана емес, ырымдық, магиялық сипаты болды. Археологиялық қазба барысында табылған сауыт бөліктері кездесіп отырады. Соның бірі Күйік-Мардан қалажұртынан табылған сауыт бөліктері металдан балқытылып қалыпта жасалған (5 сурет). Қару-жарақтардың тағы түрлері Отырардың XIII-XIV ғғ. мәдени қабаттарынан табылған қылышты (6 сурет), тас атқыш құралының оғын (7 сурет), айбалта тәріздес затты (8 сурет) атап өтуімізге болады.

XI-XIV ғғ. жататын жебе ұштары Отырар мемлекеттік археологиялық қорық-музейі қорында сақтаулы. Бұл жебе ұштары әртүрлі үлгіде жасалуымен ерекшеленеді (9, 10 суреттер).

Музей қорында XVIII-XIX ғасырларға тән сауыттар мен қылыштар бар. Салмағы 5 кг болатын сауыт темірден тоқылдып жасалған (11 сурет). Сауыт садақ оғы, қылыш, найза т.б. қарулардан қорғануға арналған киім. Ұсақ темір шығыршықтардан тоқылған, қысқа жеңді жейде түрінде жасалады. Сауыт алғаш б.з.б. I мыңжылдықта Ассирияда пайда болды. Соғыс өнерінің дамуына, шабуыл құралдарының жетілуіне байланысты сауыттардың жасалуы, пайдаланылған материалдары өзгеріп отырды. Қазақта сауыттың берен, жалаңқат, қаттама, көбе, кіреуке, торғауыт түрлері болды. XV-XVI ғасырларда мылтықтың шығуына байланысты сауыттар бірте-бірте пайдаланудан қалды. Отпен атылатын қарулардың аз қолданылуына байланысты жеңіл сауыт үлгілерін қазақтар XVIII ғасырға дейін пайдаланды.

Қылыш қарудың түрі, ат үстінде ұрыс жүргізу үшін жеңіл әрі кесіп түсер қару қажеттігінен пайда болған. Көшпелі халықтарда VIII ғасырдан бастап семсерлер бір жүзді, қайқы етіп жасалып, қолданысқа енді. X ғасырда түркілер арқылы Батыс Еуропаға тарады. Кейіннен бұл қару жетілдіріліп, атты әскердің басты қаруы ретінде XX ғасырға дейін қолданылды. Қазақ қылыштары алдаспан, наркескен, зұлпықар, жатаған қылыш, қайқы қылыш т.б. болып бөлінеді. Қылыштардың саптары ағаштан, сүйектен жасалатын болған. Музей қорындағы қайқы қылыштар XVIII-XIX ғасырларға жатады. Қылыш саптары сақталмаған (12 сурет).

Қазіргі таңда осы археологиялық қазба барысында және кездейсоқ, сыйға берілген қару-жарак коллекциялары Отырар мемлекеттік археологиялық қорық-музейі қорында сақтаулы.

Жалпы қорыта айтқанда, қазақтың қару-жарақтары ертеден қалыптасқандығын, оның ұлтымыздың жауынгерлік салты мен қазақтың бойындағы жауынгерлік рухты қалыптастыруда алар орнын көрсететінін айтуымызға болады. Сонымен қатар, Отырар оазисіндегі қару-жарак жасау кәсібі есу жолында үлкен белестерді бастан кешіргенін жоққа шығаруға болмайды және де өңірде қару-жарак жасау мәдениетінің ерте кезендерден бастап қалыптасқанын атап өтуімізге болады.

ӘДЕБИЕТТЕР


1. Арғынбаев Х. Қазақ халқының қолөнері. - Алматы: Өнер, 1987. - 168 б.
2. Ахметжан Қ.С. Қазақтың дәстүрлі қару-жарағының этнографиясы. - Алматы, 2006. - 216 б.
3. Ахметжанов Қ.С. Жараған темір кигендер: Батырлардың қару-жарағы, әскери өнері, салт-дәстүрлері. - Алматы: Дәуір, 1996. - 240 б.
4. Қазақстан тарихы (көне заманнан бүгінге дейін). Бес томдық. I том. - Алматы: Атамұра, 2010. - 544 б.
5. Қасиманов С. Қазақ халқының қолөнері. - Алматы: Қазақстан, 1969. - 248 б.
6. Қожа М. Ортағасырлық Отырар тарихы. Тарихи-археологиялық деректер негізінде / - Алматы: «Орхон» Баспа үйі, -2017, 132 б.
7. Отырар мемлекеттік археологиялық қорық-музейі» РМҚК қоры материалдары.
8. Отырар. Энциклопедия, 2005, - 291 б.
9. Төлеубаев А.Т. Реликты доисламских верований в семейной обрядности казахов XIX нач. XX в. - Алма-Ата: Гылым, 1991. с. 211.



1 сурет. Жебе ұшы. III-V ғғ. Қыркескен мазараты. Көкмардан мазараты.




2 сурет. Қанжар бөлігі. III-V ғғ.




3 сурет. Қанжар бөлігі. XVI-XVII ғғ. Отырар қалажұрты. Отырар алкабы.


4 сурет. Дулыға. XVIII ғ.



5 сурет. Сауыт бөліктері. VII-VIII ғғ. Мардан-Күйік қалажұрты. **6 сурет.** Қылыш. XIII-XIV ғғ. Отырар қалажұрты.





7 сурет. Тас атқыштың оғы (ядро). XIII ғ. Отырар қалажұрты. **8 сурет.** Айбалта тәріздес зат. XIV-XV ғғ. Отырар қалажұрты.



9 сурет. Жебе ұшы. XI-XII ғғ. Отырар қалажұрты.

10 сурет. Жебе ұшы. XIII-XIV ғғ.



11 сурет. Сауыт. XVIII ғ. 12 сурет. Қылыштар. XVIII-XIX ғғ.

<i>Ч.Ж. Умуркулова.</i> Эпос «Манас» – духовная культура кыргызского народа (на примере обычая бракосочетания).....	164
<i>А.С. Муканова.</i> Мемлекет және қоғам қайраткері Иса Тоқтыбаевтың мәдени-ағартушылық қызметі.....	167
<i>Д.С. Арынова.</i> Қарпық батыр.....	169
<i>С.З. Айтбай.</i> Әл-Фараби мұраларының зерттелу мәселелері және Ақжан Әл-машани.....	173
<i>Т.Б. Оразов, А.Бейсенова.</i> Алаштын ардақтысы-Абылай хан.....	176
<i>Б.Қ. Рысбаев.</i> Ұлан даланың ұлы перзенттері.....	181
<i>А.Ү. Мирзабекова.</i> Екінші мыңжылдықтың тұлғасы.....	184

VI. СЕКЦИЯ. ТАРИХИ-МӘДЕНИ ЕСКЕРТКІШТЕРДІ ҚОРҒАУ ЖӘНЕ МУЗЕЙ ІСІ

<i>М. Елеуов, Д. Талиев, С. Есенов, А. Молдахмет.</i> Ежелгі Күлтөбе қаласы мен Мыңтөбе қорымында 2017-2018 жылдары жүргізілген зерттеу жұмыстары.....	188
<i>Г.И. Темирбаева.</i> Национальный историко-археологический музейный комплекс Сулайман – ТОО.....	194
<i>В.Э. Анарбекова.</i> Историческое значения меморального музея М.В. Фрунзе.....	197
<i>М.Қ. Тұяқбаев</i> Әзірет Сұлтан кесенесінен алып кетілген жәдігерлер.....	200
<i>С.С. Хасенов.</i> Әулие Ырғызбай Досханаұлының өмір дерегі мен мәдени-тарихи кешендері.....	209
<i>Т.Н. Тойбаев, Ж. Құрбанәлі.</i> Мәдени мұраны сақтау және насихаттаудағы қорық-музейдің рөлі.....	213
<i>Н. Әшірбекова.</i> Жәдігерлердегі өрнекті жазбалар.....	217
<i>Н. Әшірбекова, Ж. Л.С. Нуркеева</i> Ақтөбе облыстық тарихи-өлкетану музейі қорында сақталған сұлтан мұрасы.....	219
<i>Г. Қаримолдақызы.</i> Зергердің асыл мұрасы.....	222
<i>Д.Қ. Зікірия, Ж. Құрбанәлі.</i> Заманауи музей ісіндегі даму мен озық тәжірибелер (ҚХР және Түркия Республикасының музей ісіндегі жетістіктері бойынша).....	225
<i>Б. Байболов.</i> Қожа Ахмет Ясауи кесенесіндегі үлкен Ақсарай бөлмесін музейлендіру мәселесі.....	330
<i>К. Асетова.</i> Кесенеге көрік берген есіктер.....	235
<i>Ә.М. Егеубаева.</i> Музей қорындағы археологиялық моншақтардың түрлері мен жасалу жолдары.....	239
<i>А. Үркінбаева, И. Джалишева.</i> Ұлттық құндылықтарды сақтау мен насихаттаудағы музейдің рөлі.....	242
<i>Т.М. Жолдасов.</i> Темуридтер мемлекетінде күміс ақшалардың салмақ және сынам стандарттары мен олардың беттеріне үстінен қайта шекімелер (надчекан) түсіру үрдісі.....	245
<i>Н. Ермашова.</i> Отырар өңірінің көне шыны жәдігерлері.....	249

Г.А.Бісқақ. Музей қорындағы құжаттарды реставрациялау жұмыстары.....	252
Ғ.Ж.Маябасова, М.А. Ахмет. Отырар мұражайы қорындағы ағаштан жасалған ыдыс-аяқтар.....	256
М.Байтасов. Музей қорындағы қару-жарақтар коллекциясы.....	259
А.Тұрлыбекқызы. Музей қорындағы сәулет қыштардың формалары мен кезенделуі.....	264
Ф.Рахимов, И.Аббазов. Ахмет Яссау и және квант физикасы.....	268